

Кеден одағының "Шағын өлшемді кемелердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 026/2012) талаптарына жауап беретін шағын өлшемді кемені айналымға шығару кезінде берілетін сыныптау туралы күәліктің бірыңғай нысанын және оны ресімдеу қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 28 ақпанды № 23 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 5-тармағының сегізінші абзацына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 9-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Кеден одағының "Шағын өлшемді кемелердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 026/2012) талаптарына жауап беретін шағын өлшемді кемені айналымға шығару кезінде берілетін сыныптау туралы күәліктің бірыңғай нысаны және оны ресімдеу қағидалары бекітілсін.

2. Мыналар:

а) 2018 жылғы 1 шілдеге дейін шағын өлшемді кеменің сәйкестігін бағалау туралы құжаттарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген нысан бойынша және қағидаларға сәйкес ресімдеуге рұқсат етіледі;

б) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген нысан бойынша және қағидаларға сәйкес 2018 жылғы 1 шілдеге дейін ресімделген шағын өлшемді кеменің сәйкестігін бағалау туралы құжаттар олардың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін жарамды деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Тегерасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 28 ақпанды
№ 23 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Кеден одағының "Шағын өлшемді кемелердің қауіпсіздігі туралы"
техникалық регламентінің (КО ТР 026/2012) талаптарына жауап беретін

**ШАҒЫН ӨЛШЕМДІ КЕМЕНІ АЙНАЛЫМФА ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕ БЕРІЛЕТІН СЫНЫПТАУ
ТУРАЛЫ КУӘЛІКТІҢ БІРЫҢГАЙ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕСІМДЕУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

I. Кеден одағының "Шағын өлшемді кемелердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 026/2012) талаптарына жауап беретін шағын өлшемді кемені айналымфа шығару кезінде берілетін сыныптау туралы куәліктің бірыңгай нысаны

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ (1)

ШАҒЫН ӨЛШЕМДІ КЕМЕНІ СЫНЫПТАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

№ ЕАЭО _____ 2)

ӨТІНІШ БЕРУШІ _____ 3)

ДАЙЫНДАУШЫ

(ҚҰРАСТЫРУШЫ) _____ 4)

ӨНІМ _____ 5)

ЕАЭО СӘҚ ТН КОДЫ _____ 6)

ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС _____ 7)

КУӘЛІК _____ НЕГІЗІНДЕ БЕРІЛДІ 8)

**ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ _____ БАСТАП (9) ҚОСА АЛҒАНДА _____
ДЕЙІН (10)**

М.О. _____ (11)

(Еуразиялық экономикалық одаққа мүше (қолы) (Т.А.Ә.)

мемлекеттің уәкілетті органы басшысының

(уәкілетті тұлғаның) лауазымы)

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ

(Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы)

Шағын өлшемді кемені сыныптау туралы куәлікке

ҚОСЫМША

№ _____ " ____ " _____ ж.

_____ М.О. _____ (11)
(Еуразиялық экономикалық одаққа мүше (қолы) (Т.А.Ә.)
мемлекеттің уәкілетті органы басшысының
(уәкілетті тұлғаның) лауазымы)

Бет _____

II. Кеден одағының "Шағын өлшемді кемелердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 026/2012) талаптарына жауап беретін шағын өлшемді кемені айналымға шығару кезінде берілетін сыныптау туралы қуәлікті рәсімдеу қағидалары

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 33 шешімімен қабылданған Кеден одағының "Шағын өлшемді кемелердің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 026/2012) талаптарына жауап беретін шағын өлшемді кемені айналымға шығару кезінде берілетін сыныптау туралы қуәлікті (бұдан әрі тиісінше – қуәлік, техникалық регламент) өтініш берушіге Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) уәкілетті органы береді.

Куәлікті мүше мемлекеттің уәкілетті органы корпусының ұзындығы 6 метрден астам шағын өлшемді кемелерге және сериялық шығарылатын корпусының ұзындығы 6 метрден астам шағын өлшемді кемелерге қатысты рәсімдейді.

2. Өтініш беруші оның аумағында мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға немесе әзірлеуші (құрастыруыш) немесе сатушы не әзірлеуші (құрастыруыш) уәкілеттік берген тұлға болып табылатын жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлға болуы мүмкін (бұдан әрі – өтініш беруші).

3. Куәлік және оған қосымша А4 форматтағы (210 x 297 мм) ақ қағаз парағында дайындалады.

4. Куәлік электрондық баспа құрылғыларын пайдалана отырып, орыс тілінде және мүше мемлекеттің заңнамасында сәйкес талаптар болған жағдайда – куәлікті беру жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде толтырылады.

Куәлік орыс тілінде және мүше мемлекеттердің бірінің мемлекеттік тілінде толтырылған жағдайда ол осы бөлімнің 7-тармағына сәйкес куәліктің екі бетінде толтырылады.

5. Қажет болған жағдайда әзірлеушінің (құрастырушының) атауы, оның орналасқан жері (занды тұлғаның мекенжайы), өнімді әзірлеу бойынша қызмет жүзеге асырылған орынның мекенжайы (мекенжайлары) және осы бөлімнің 7-тармағы "д" тармақшасының үшінші абзацында көзделген мәліметтер латын әліпбі әріптерін пайдалана отырып көрсетілуі мүмкін.

6. Куәліктің барлық өрістері толтырылған болуы тиіс (куәліктің түпнұсқасында өрістер нөмірленбейді).

7. Куәлікте көрсетіледі:

а) 1-өрісте – мынадай бірізділікте 3 жолда орындалған жазбалар:

1-ші жол – "ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ";

2-ші жол – "СЫНЫПТАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК";

3-ші жол – "ШАҒЫН ӨЛШЕМДІ КЕМЕ";

б) 2-өрісте – "ЕАЭО" аббревиатурасын (Еуразиялық экономикалық одақ) және әлем елдерінің сыныптауышыға сәйкес мүше мемлекеттің 2 мәнді әріптік кодын көрсете отырып мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын куәліктің тіркеу нөмірі;

в) 3-өрісте – өтініш берушінің толық атауы, оның орналасқан жері (занды тұлғаның мекенжайы) мен қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайларда айырмашылықтар болған жағдайда) – занды тұлға үшін немесе тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жері мен қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайларда айырмашылықтар болған жағдайда) – жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін, сондай-ақ занды тұлғаны немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес берілген өтініш иесінің тіркеу немесе есепке алу (жеке, сәйкестендіру) нөмірі, телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы;

г) 4-өрісте – әзірлеушінің (құрастырушының) толық атауы, оның орналасқан жері (занды тұлғаның мекенжайы) және өнімді әзірлеу (құрастыру) бойынша қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайларда айырмашылықтар болған жағдайда) – занды тұлға және оның өнімді әзірлейтін (құрастыратын) филиалдары үшін немесе тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда),

түрғылықты орны және өнімді әзірлеу (құрастыру) бойынша қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайларда айырмашылықтар болған жағдайда) – жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін;

д) 5-өрісте – өнім туралы мәліметтер:

өнімнің атауы;

өнімді сәйкестендіруді қамтамасыз ететін мәліметтер (марка, модель, шағын өлшемді кемені құрастырушыны есепке алу жүйесі бойынша сәйкестендіру нөмірі, кеменің типі, кеменің тағайындалуы, жұзу ауданының құрделілігі санаты, корпустың ең үлкен ұзындығы, корпустың ең үлкен ені, борттың биіктігі, корпус материалы, шөгуі, жынтықталған кеменің массасы, жалпы сыйымдылығы, негізгі механизмдері: типі, қуаттылығы, мачт саны, желкендер алаңы және т.б.);

оған сәйкес өнім әзірленген (құрастырылған) құжаттың (құжаттардың) атауы мен белгісі (мемлекетаралық және ұлттық стандарттар, ұйымдардың стандарттары, ілеспе құжаттама, жеткізу шарттары, келісімшарттар, маманданымдар, таңбалau кестелерінің жазбалары, техникалық талаптар (бар болған жағдайда), пайдалану құжаттары және өтініш иесі ұсынған басқа да құжаттар);

е) 6-өрісте – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес өнімнің коды (кодтары);

ж) 7-өрісте – техникалық регламенттің атауы;

з) 8-өрісте – өнімнің техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтер (техникалық құжаттамаға қорытынды, техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар және (немесе) өтініш беруші өнімнің техникалық регламент талаптарына сәйкестігінің дәлелі ретінде тапсырған өзге де құжаттар);

и) 9-өрісте – мұше мемлекеттің уәкілетті органының куәлікті тіркеу күні (күні – екі араб цифrlарымен, айы – екі араб цифrlарымен, жылы – төрт араб цифrlарымен);

к) 10-өрісте – куәліктің әрекет етуін тоқтататын күні (күні – екі араб цифrlарымен, айы – екі араб цифrlарымен, жылы – төрт араб цифrlарымен);

л) 11-өрісте – куәлікті берген мұше мемлекеттің уәкілетті органы басшысының (уәкілетті тұлғаның) лауазымы, қолы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) (егер мұше мемлекеттің заңнамасымен өзгеше белгіленбegen болса). Қол қоюдың орнына факсимиле пайдалануға тыйым салынады.

8. Куәліктің 4, 5 және 8-өрістерінде көрсетілетін ақпараттың елеулі көлемі кезінде мұндай ақпарат куәліктің ажырамас бөлігі болып табылатын куәлікке қосымшада беріледі. Қосымшаның әрбір парагы нөмірленеді, онда куәліктің тіркеу нөмірі, мұше мемлекеттің уәкілетті органы басшысының (уәкілетті тұлғаның) қолы, тегі, аты мен әкесінің аты (бар болған жағдайда), осы органның мөрі қойылады (егер мұше мемлекеттік заңнамасымен өзгеше белгіленбegen болса). Бұл ретте куәліктің сәйкес өрістерінде қосымшаға сілтеме беріледі.

9. Куәлікке осы бөлімде көзделмеген мәліметтерді, қысқартылған сөздерді (жалпы қабылданған белгілер мен қысқартулардан басқа) енгізуге және мәтінді кез келген түзетулерге жол берілмейді.

10. Берілген куәліктердің көшірмелерін өтініш беруші A4 форматты (210 x 297 мм) ақ қағаз парақтарында дайындейді, мөрмен (егер мүше мемлекеттік заңнамасымен өзгеше белгіленбекен болса) және өтініш берушінің қолымен куәландырылады.

11. Куәліктің бірыңғай нысаны электронды түрде Еуразиялық экономикалық одактың және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісіндегі ресми сайттарында орналастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК